

Нұрымбетова Г. Р.¹

¹саяси ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлы дала тұлғалары» орталығының директоры,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан Республикасы. E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Аңдатпа

Автор мақалада қазақ мәдениетінің өркендеуіне қомақты үлес қосқан Ілияс Омаровтың мемлекеттік қызметі мен өмір жолын қарастырады. Автор І.Омаровтың әдебиет-өнер саласындағы шығармалары ұлтын сүюдің, экономика саласындағы шығармалары көрегендіктің көрінісі деп есептейді. Оның өз халқына деген сүйіспеншілігі мен үлкенді кішілі істердегі батылдығы қазіргі кезеңде жастар үшін үлгі болары сөзсіз. І.Омаров қазақ қоғамының рухани әлемі үлкен трансформацияға ұшырап, орыстандырылып бара жатқанын сезбеді, көрмеді десек, қатты қателесер едік. Соны сезіп, түсінгеннен кейін рухсыздануға, мәдени ерекшеліктерімізден ажырауымызға қарсы тосқауыл болудың жолдарын жанталаса іздеді. Бұл ізденісте І.Омаров жалғыз болған жоқ. Бірақ ұлттық мәдени мұраны сақтау үшін күрескен азаматтардың, зиялы қауымның көшбасшысы болғаны анық еді.

Тірек сөздер: мемлекет қайраткері, мәдениет, ұлттық мүдде, өнер, зиялылық, тоталитарлық жүйе.

Nurymbetova G.R.¹

¹doctor of political sciences, professor KazNPU named after Abai, Director of the center "Uly Dala Tұлғалары",
Almaty, Republic of Kazakhstan

OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE KAZAKH CULTURE

Abstract

The author examines the state activities and the life path of Ilyas Omarov, who made a huge contribution to the development of the Kazakh culture in this article. The author claims that I. Omarov's works on culture and art reflect his boundless love for his native people, and publications on economics clearly reflect his view of the future. The creative heritage and courageous deeds of this wonderful person serve as a model and example for modern young people. The creative legacy and bold actions of this remarkable man serve as a model and example for today's youth.

In moments of risk of losing his position and threats, he did not abandon his ideas and plans. The article reveals the activities of Ilyas Omarov and his appeal to the entire intelligentsia to unite all forces to preserve the cultural heritage, and to stand United against the spiritual fall of the people.

Keywords: statesman, culture, national interest, art, intelligence, totalitarian system

Нұрымбетова Гулшат Рамазановна¹

¹Доктор политических наук, профессор, Директор центра «Ұлы дала тұлғалары» КазНПУ им.Абая,
Алматы, Республика Казахстан. E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В статье автор рассматривает государственную деятельность и жизненный путь Ильяса Омарова, внесшего огромный вклад в развитие казахской культуры. Утверждается, что труды И. Омарова по культуре и искусству отражают его безграничную любовь к родному народу, а публикации по экономике ярко отражают его взгляд в будущее. Творческое наследие и смелые поступки этого замечательного человека служат образцом и примером для современной молодежи.

В моменты риска потери должности и угроз он не отказался от своих идей и намеченных планов. В статье раскрывается деятельность Ильяса Омарова и его призыв ко всей интеллигенции объединить все силы для сохранения культурного наследия, и сплочённо противостоять духовному падению народа.

Ключевые слова: государственный деятель, культура, национальный интерес, искусство, интеллигентность, тоталитарная система

Кіріспе. Тәуелсіздікпен қайта түлеген тамаша табыстарымыздың бірі – ұлы тұлғаларымыздың есімін ардақтап, мұраларын ұлықтау, халқына жасаған қызметіне, қайраткерлігіне тағзым етіп, өмір жолы мен тағдырындағы «ақтаңдақтарды» еңсеру. Тұлғатану мәселесі дұрыс шешілмей ұлттық тарихымыздың ақиқатын ашу мүмкін емес.

Нағыз ерлер – қашан да елдің мақтанышы, өсу мен өркендеудің қайнар бұлағы. Өйткені, олар сын сағатында халқының қамал-қорғаны бола білді, әлеуметтік ілгерілеуіне бағыт-бағдар сілтеді, ұрпақтар сабақтастығы мен үн қатысуын үзбеді. Әрдайым солай болып қала да береді.

Олай болса, тұлғаларды тану, насихаттау, ұлықтау біздер үшін азаттықты ардақтауға жасалған қадам, тарихтағы тұлғаның орнын дұрыс бағалауға бастар жол, халықтың жасампаз рухын асқақтатар перзенттік борыш.

Кеңес үкіметінің озбырлық саясаты мен тоталитарлық қысым кезінде ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет ету оңай болмағаны белгілі. Бұған қарамастан тіл, жер, ағартушылық мәселелерін шешудегі, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді сақтап, дамыту жолындағы ерен еңбектері бүгінгі күні үлгі тұтуға тұрарлық. Кеңес үкіметінің тұсында қызметтік сатының жоғарғы шыңына шығып, оны жеке мүддеге емес халық мүддесіне пайдалануға ұмтылған тұлғалардың бірі – Ілияс Омаров. Мақаланың басты идеясы Ілияс Омаровтың азаматтығы мен қайраткерлігін, адами-тұлғалық келбетін ашу.

Негізгі бөлім. І.Омаров мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист. Қазақ елінің мәдениеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне қажыр-қайратын, білік-білімін жұмсаған жан. І.Омаров 1912 жылы қазанның 1 күні Қостанай облысы қазіргі Сарыкөл ауданындағы Жазы би ауылында дүниеге келген. Әкесінің ерте қайтыс болуына байланысты әкесінің ағасы Омардың қолында тәрбиеленген. Жеті жасында анасы қайтыс болып, І.Омаров балалар үйінде, интернатта тәрбие алған. 1923-1930 жылдары Қостанай қаласында В.Ленин атындағы жеті жылдық коммуна мектебінде білім алады. 1930 жылы осы оқу орнын «үздік» деген бағамен бітіреді. Коммуна мектебін бітірген жылдың күзінде І.Омаров комсомолдың Қостанай округтік комитетінің жолдамасы бойынша Ташкент қаласындағы Орта Азия жоспарлау-экономика және сауда-тауар ісін жүргізу институтына оқуға түсіп, 1933 жылы осы институттың теориялық курсы аяқтайды. Оны Қазақ тұтынушылар одағының төралқасы Қызылорда кооперативтік техникумының директоры қызметіне тағайындайды. Алайда, техникум кеңес сауда техникумы болып қайта құрылуына байланысты І.Омаров та кеңес сауда техникумының директорлығына ауыстырылады. Кеше ғана институт қабырғасынан шыққан, бар болғаны жиырма бір жастағы І.Омаров жастығы мен тәжірибесінің аздығына қарамастан техникум директоры қызметін өте жауапкершілікпен атқарған. Сол кездегі күрделі шаруа техникумды оқытушылармен қамтамасыз ету, олардың біліктілігін, студенттердің оқу үлгерімін арттыру мәселелерін әркезде назарында ұстаған. І.Омаровқа қалалық комсомол комитетінің бюро мүшесі болғанда берілген міндетке оның қызметін абыроймен атқарғанын дәлелдейді. Бірақ бұған қарамастан 1935 жылдың соңында бұрынғы саудагер-көпестің қызына үйленгені үшін комсомол қатарынан шығарылған. Осылайша, тоталитарлық қуғын-сүргіннің дәмін татты. Алматыға қоныс аударып, жұмысын ауыстыруға да осы себеп болған екен.

1936 жылдың 8 шілдесінен 1938 жылдың қазанына дейін І.Омаров Алматыда КСРО Сауда Халкомы Бұлғары-аяқ киім басқармасы республикалық кеңесінің менгерушісі, 1938 жылдың қазан айынан 1940 жылдың тамыз айына дейін – Қазақстандағы жергілікті сауда басқармасы бастығының орынбасары, 1940 жылдың қазан айынан -1941 жылдың шілдесіне дейін Қазақ КСР Мемлекеттік бақылау Халық комиссариатының бақылаушысы қызметтерін атқарады. 1941 жылдың шілде – 1942 жылдың сәуір аралығында Қазақ КСР сауда халық комиссарының орынбасары, 1942 жылдың сәуір – 1945 жылдың қаңтар аралығында Қазақ КСР сауда халық комиссары, 1945 жылдың қаңтар – шілде аралығында Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары, 1945 жылдың шілде – 1947 жылдың қараша аралығында Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1947 жылдың қараша – 1952 жылдың ақпан аралығында Қазақстан КП ОК үгіт және насихат жөніндегі хатшысы. Жиырма жасында Қызылорда қаласындағы сауда техникумы директоры, 30 жасында сауда министрі, 33 жасында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 35 жасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы міндеттерін атқарған ол мансаптың бұралаң-бұрылыстарына ұрынбай, биікке қырандай самғап көтерілді. 1952 жылдың қыркүйек – 1955 жылдың тамыз аралығында КОКП ОК жанындағы Жоғары Партия мектебінің тыңдаушысы, 1955 жылдың қыркүйек – 1959 жылдың сәуір аралығында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мүшесі және хатшысы, 1959 жылдың сәуір – 1960 жылдың ақпан аралығында «Қазақфильм» киностудиясының директоры, 1960 жылдың ақпан-мамыр аралығында Қазақ КСР Мемлекеттік Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1965 жылдың қазан – 1967 жылдың сәуір аралығында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1967 жылдың сәуір – 1970 жылдың шілде аралығында Қазақ КСР Мәдениет министрі қызметтерін атқарған.

Осындай қызмет сатыларын өткен Ілияс Омарұлы Омаров өз замандастарының сөзімен айтсақ «үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес бір ғажап жан», өз заманының өр тұлғасы, саяси қайраткер, әдебиет пен өнердің жанашыры, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдырған ірі тұлғалардың біріне айналды.

І.Омаровтың өмірі мен мемлекеттік –қоғамдық қызметін зерттеуші А.Қайпаеваның «І.Омаровтың қызмет сатысымен жедел өсуіне 1920-1930 жылдардағы жаппай қуғын-сүргіннен білімді, зиялы азаматтардың жазықсыз құрбан болуы мен Ұлы Отан соғысы кезінде басқару тұтқасындағы азаматтардың да майданға алынуы себепші болды» [1, 27] деген қорытындысымен келісу қиын. Себебі оған абырой-бедел атқарған жоғары дәрежелі шенімен емес, бойына біткен табиғи дарыны арқылы келген.

Тұлғалық, адамгершілік асыл қасиеттері соғыстың ауыр жылдарында жарқырай көрінді. Ешқашан жоғарыдан түсіп жататын нұсқаулардың, көзсіз шешімдердің жетегінде кетіп, сүйкімсіз орындаушысына айналған емес. Бір үзім нан көзден бұл-бұл ұшқан қиын заманда халықты азық –түлікпен қамтамасыз етудің қосымша мүмкіндіктерін тапты. Қазақ балықты азыққа санай бермейді. Осы ұғымды бұзып, жергілікті өзен-көлдерден балық аулап, сауда кәсіпорындарында қосалқы шауашылықтар ұйымдастырды.

Жау қолында қалған қалалардан, Мәскеу мен Ленинградтан эвакуациямен келген көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлері І.Омаровтың қамқорлығынан тыс қалмады. Демек, соғыс жылдары қазақ елінде дүниеге келген әдебиет пен өнер, ғылым мен мәдениет шығармаларында әйгілі азаматтың өзіндік үлесі бар.

Ол соғыс кезінде Сауда Халық комиссары қызметін атқара жүріп республиканың мәдениетін, өнерін, ғылымын, әдебиетін мүмкіндігінше алға бастыруға арналған шараларға ұйытқы бола білді. Мысалы, 1944 жылы желтоқсанда Алматы қаласында республикалық ақындар айтысын өткізді. Ақындар айтысын жандандырудың қажеттігі туралы «Шын мағынасындағы ауыз әдебиетінің өкілдері – ақындар саны бұл күнде көп те болмас, бірақ та, бұл ұрпақтан кейін де айтыстар болуы керек... Айтыс ақынын халық жоғары бағалайды, ынтымақтастықпен тыңдайды. ...Айтыстар халықтың тілін байытуға, тапқыр теңеулер мен әдебиет тілін дамытуға себепкер болады. Сондықтан бүгін бізге үзілді-кесілді айтыстар керек және оларды жандандыру шарт деген нақты пікірге тоқталуымыз керек» [2] деп негіздеген екен. Жеке басқа табынушылық үстемдік құрып, қоғамның барлық саласына бақылау орнатқан тоталитарлық жүйе жағдайында ұлттық мұраны сақтау туралы ашық айту ерлікке тең еді.

І.Омаров өз ойын жасырмай айтып, батыл талаптар қоя білген. Ол үшін бірінші орында жұмсақ лауазымдық кресло емес, ұлт мүддесі, қазақ халқының болашағы тұрды. Оған Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргенде, Қазақстан КП (б) Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке және Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Ондасыновқа Батыс Қазақстан облысының жай-күйі туралы жазған қатынас-қағазы дәлел. «Батыс Қазақстан облысы халқының 60%-ы қазақтардан тұрады, ал, барлық облыстық ұйымдармен халық аралас тұратын аудандарда да іс қағаздар тек қана орыс тілінде жүргізіледі» [1, 34]- деп облыста орын алып отырған кемшіліктерді ашық көрсеткен. Сондай-ақ, білім беру саласында да қазақ халқының мүддесінің ескерілмей отырғанын, облыста қазақ мектебінің жоқтың қасы екенін ашық жеткізген. Бұл 1945 жыл. Кезінде бұл мәселені Алаш зиялыларының, одан кейін 20-30 жылдарда республика басшылығында болған С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, О.Жандосов сияқты қайраткерлердің де өткір көтергені белгілі. Бір өкініштісі, бүгінгі күні қазақ тілі ел Конституциясы бойынша мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса да, әлі күнге дейін «шықпа жаным шықпа» халін кешуде.

Әрине, І.Омаровтың мұндай батылдығы, өзіндік позициясының болуы Орталыққа ұнауы мүмкін емес еді. Сондықтан да болар, оны көп ұзамай Шығыс Қазақстан облысының 1-хатшылығына, ал, кейін Солтүстік Қазақстан облысының партия басшылығына тағайындайды.

XX ғасырдың 50–шы жылдарында тұрғындармен байланыс орнатудың атқарушы комитеттердің, олардың бөлімдері мен кәсіпорындар басшыларының есептері түріндегі жана формасы қалыптаса бастайды. Мінеки, осы әдісті І.Омаров еңбекшілерді жергілікті істерді басқаруға тарту мақсатында кеңінен қолданды. Облыстың бірінші басшысы болған уақытта кеңседе отырып жұмыс істегеннен гөрі, бірінші орынға еңбекші халықпен тікелей байланысты қойған. Соның арқасында қажетті жағдайды көзімен көріп, біліп отырған. Қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне, хал-жағдайына, көңіл-күйіне баса назар аударған. Осылайша, халықпен ынтымақтастық пен кері байланыс орнату арқылы экономикалық және саяси міндеттерді тиімді шешуді мақсат етті. І.Омаровтың халықты өз мәселелерін дербес шешуге тарту талпынысы заманауи қазақстандық қоғамда жалғасын табады.

І.Омаровтың Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы кезіндегі аса ірі оқиғаның бірі – 1947 жылы Өскемен мырыш зауытының іске қосылып, алғашқы өнімін беруі. Дәл осы 1947 жылы ол Ленин орденімен марапатталады.

Сталиндік қуғын-сүргін соғыстан кейін қайта күшіне енген кезде республикалық партиялық қызметке қайта оралады. Күрделі сәтте қылдан таю құрбандыққа шалынудың нағыз өзі еді. Бержағымен КОКП саясатын жүзеге асырғансып, ұлтының руханиятын сақтауға барын салды. Біріншіден, ұлт мүддесіне берілген азаматтарды қызмет сатысымен өсірді, қолдады. Екіншіден, тарихи-мәдени мұра мен ескерткіштерді қорғауды сөзден іске айналдыра білді. Бұл ерлігі тіпті жанкештілігі 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын» даярлау барысында айқын көрінді. Жас ғалым Е.Бекмахановқа үлкен құрметпен қарады, болашағына сенді. Бірақ тоталитарлық жүйеде қырағылық танытып, І.Омаровты «ұлтшыл» топқа қосты, қызметінен босатты.

Алайда қайраткер қазақты сындыра алмады. 1949 жылы жазылған «Қиял» атты өлеңінде:

«Терең ой, салқын қиял, сағым тілек,

Жігер мен жайнаған көз жанға тірек.

Ниет пен қуатымды бойымдағы,

Халқыма бере алсам деп соғад жүрек...» - деп өзінің қуатын халқына арнай беретінін паш етті.

Қысқасы, тоталитарлық қыспақта жүрсе де рухани өмірді әсіре саясаттандырудан, идеологияландырудан қорғаған еңбегін ұмытуға қақымыз жоқ. Жастайынан көпұлтты ортада өскен ол білігімен де, білімімен де Одаққа есімдері мәшһүр зиялы қауым өкілдерін Қазақстанға тарта алды, көбімен сырласқан, сыйласқан дос еді.

Осы жерде айта кеткен жөн, І.Омаров өз жұмысында лауазымды тұлғаларға да ресми хат жазуды жиі қолданған. Біз жоғарыда оның Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргенде, Қазақстан КП (б) Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке және Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Ондасыновқа Батыс Қазақстан облысының жай-күйі туралы жазған қатынас-қағазын келтірген болатынбыз. Осындай көңіл аударарлық тағы бір хаты 1950 жылы Қазақстан КП (б) Орталық

комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке жазылған екен. Мұнда аудандардағы басшы кадрларды күшейту, кадр мамандарды даярлау мәселелері бойынша өз ұсыныстарын берген. Мінеки, осылайша, ұлттық мүддеге қатысты өзекті мәселелерге бірінші басшының назарын аудару үшін оны үнемі хабардар етіп отырған. Жалпы І.Омаровқа оның замандас достары, үзенгілес серіктері айтқандай қандай істі болмасын жан-тәнімен атқару, аса бір жауапкершілікпен қарау тән болған.

Республика идеологиясына жауап беру І.Омаровтың тағы бір жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік берді. Ол өзінің ой-пікірлерін, көзқарастары мен идеяларын баспасөз беттерінде жиі жариялап отырған. Мысалы, 1948-1952 жылдар аралығында «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» (1948 ж.), «Өнер өріне қарай» (1949 ж.), «Сыншы кім, сын не?» «Өскен әдебиетке үлкен сын керек» (1950 ж.) және т.б. мақалалары жарық көрген.

Бүгінгі күнмен ұштасып жатқан кейбір ойларын бере кеткенді жөн көрдік: «Қазақтың ақылдылары мейлінше қарапайым, ал ақымақтары мейлінше тасыр. Егер ақылдыларға аздап тасырлық, ақымақтарға аздап қарапайымдылық берсе, кім біледі, олардан тәп-тәуір халық шығып қалар еді», «Өмір құрауды қажет ететін сан құрақтан тұрады. Сол құрақтар тігісі неғұрлым жағым болса, өмір де соғұрлым әсем және берік», «тарихтың заңды бұрылыстарында кездейсоқтық деген болмайды, ал кімде кім сол кездейсоқтыққа үміттеніп, әрекетсіз болса, тарих табанының астында езіледі», «Өмір ағысын тыңдай білу керек. Ол әрқашан буырқанып, толқып-тасып, шамырқанып жатады. Онда бос сандырақ болмайды, өйткені ол үнемі даму үстінде. Жаңа жеңіске жетеді. Ескі келмеске кетеді», «Өмірді біліктілікпен бағындыру керек. Оның қисынын ұғу қажет. Өмірді білмесең, ол сенен өшін алады. Ол сені икемсіз шабандозды асау ат қалай аударып кетсе, кез келген сәтте солай аяғыңды аспаннан келтіреді».

І.Омаров күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге ұлттық мүдде тұрғысынан қараған. Бұған мынадай мысал келтіруімізге болады. «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» атты мақаласында көркем өнердің мәнін былай анықтайды: «Мәдени өмірдің көркі – көркемөнер. Шын көркемөнер шығармасы – адамның сана-сезіміне, ақыл-ой дүниесіне берері мол, күшті құрал. Осы тұрғыдан қазақ музыкасын сөз етсек, халқымыздың басқадан гөрі музыкалық мұрасы бұрыннан мол екенін айтпасақ болмайды. Бізде, сірә, тап халық музыкасындай, халықтың әні мен күйіндей өркендеп, өскен мәдениет саласы кемде-кем болар. Біздің музыкалық мұрамыздың өзіне тән ерекшелік қасиеті ғасырлар бойы таза сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа әдемі дәстүр болып ауысып отырған» [3].

Ол өзінің ұйымдастырушылық дарынын, кәсіби біліктілігін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы қызметінде де көрсете білді. 1957 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жарлығымен тың және тыңайған жерлерді игеруде және астық ору, оны даярлау науқанындағы көрсеткен еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы соның дәлелі.

І.Омаров қандай деңгейдегі қызметте болмасын, қай салада жұмыс жасамасын – халықпен, жергілікті тұрғын адамдармен етене жақын араласып, жұмыс жасайтын болған. Қарапайым халықтың тағдырына бей-жай қарай алмауы оны басқалардан ерекшелендіріп тұрғаны сөзсіз. Осыған байланысты мына бір жәйтті келтіре кетелік. Ол «Бермесен, бермей-ақ қой баспананды» деп жан-айқайын өлеңмен білдірген ақын Қасым Аманжоловтың баспаналы болуына көмектескен екен. Бұған ақын «Ілияс Омаровқа» деген арнау арнап, өз ризашылығын былай білдіріпті:

Танымаймын, қанықпын сыртыңыздан,
Мен ризамын еліме ұл туғызған.
Таныстықтың пердесін аштым жырмен,
Жат болмассыз ақындық ғұрпымыздан.
Күле кіріп бұл жерге әдеппенен,
Күңірене шықпаспын әдетпенен.
Аға көрдім өмірде, іні көрдім,
Қайсысынан көңілім дәме етпеген?
Талай жанға қойғанмен адам атын,
Ел таниды өзінің азаматын.
«Азамат!» деп ел Сізге ат қойыпты.
Сол себепті бұл жырды жазады ақын.

Ғ.Мүсірепов оның алыс-жақын демей, кімге болса да өз көмегін аямағаны туралы былай еске алады: «Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындауының арасында шалғайлығы жоқ, шалағайлығы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине. Ол адал жүректің белгісі, тұрақты қасиет. Ондай азамат айтқанын орындамай құтылар бойтаса іздемейді, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады. Ешкімнен алғыс та күтпейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта, алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындай азамат еді» [4, 35]. Осы ойды бүгінде жасы 95-ке толып, аты аңызға айналған жазушы Ә.Нұрпейісов былай «...мен білерде ол ешқашан халқым маған не берді деп сыбаға сый дәмәтуден гөрі, өмір бойы мен халқыма не бердім деп, үнемі халық алдында мойнында ақталмаған парызын өтей алмай жүргендей өзін қамшылаумен дүниеден өтті» деп жалғастырады.

І.Омаров мәдениет жанашыры әрі жаңашыл тұлғасы бола білді. Мәдениет министрі қызметіне тағайындалғанда І.Омаров ердің жасы елуден асқан кезі болатын. Бұған дейін де өнерге, әдебиетке жанаршылық танытып, қамқорлық жасап жүретін І.Омаров өзінің барлық күш-жігерін, қажыр-қайратын осы саланы гүлдендіріп, өркендетуге жұмсады десек артық болмас. О.Сүлейменов, А.Сүлейменов, Ә.Тарази, С. Жүнісов сынды дарынды жас ақындар мен жазушыларды театр репертуарын жаңартуға, оған жаңа мазмұн беруге жұмылдырады. Сондай-ақ, республика бойынша мәдени мекемелер салудың жоспарын жасап, оның

Компартияның Орталық Комитетінің Бюросы мен Министрлер кеңесінде оң шешіммен қабылдануына қол жеткізген. Ол 1968 жылы 24-қаңтарда өткен Қазақстан кәсіподақтар съезінде «Алдағы үш жыл ішінде, яғни 1968-1970 жылдар аралығында барлық аудан орталықтарында типтік мәдениет сарайлары, республиканың облыс орталықтарында 4 жаңа театр, цирк, картиналар галереясы, концерттік зал, 5 млн. том кітапқа арналған көпшілік кітапханалар салынатын болды» [1, 77] деп атап көрсеткен. Атап айтсақ, қазақ өнерінің гүлдендірген Республикалық эстрада-цирк студиясы, «Гүлдер» ансамблі, Қазақ циркінің ашылуына, сондай-ақ «Қыз Жібек» фильмінің өмірге келуіне тікелей басшылық етті.

Дәл осы жылдарда қазақ өнерін шетелде таныту, насихаттау қарқынды жүргізілді. Ғ.Жұбанова өз естелігінде І.Омаров министр болған кезде қазақ өнерінің жұлдыздары шет елдерге шығармашылық іссапарға жиі шыға бастады деп еске алады.

І.Омаров сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сырын жырға айналдырған жан-дүниесі нәзік ақын. Өлең тақырыптары сан-алуан. Соның ішінде, көңіл аударатын тақырып – қандай да бір шығармамен танысқаннан кейінгі ой-толғамдарын өлең жолдарымен жеткізуді. Мысалы, «Абай» романын оқып отырып», «Қозы Көрпеш Баянды» оқығанда» деген өлеңдері бар.

Ол қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен етене танысып, әркезде өз пікірін білдіріп отырған әдебиет-сыншысы. Ондағы мақсаты талантқа қамқорлық көрсету, жанашыр болу еді. М.Әуезовтің «Абай жолын» - «дәуірлік эпопея», С. Мұқановтың «Өмір мектептерін» - «тұңғыш мемуарлық, биографиялық шығарманың беташары», Зейнолла Қабдоловтың «Өмір ұшқынын» - «мынау ұшқын емес, жалын ғой!», ұйғыр композиторы Құддыс Қожамировты – «кез келген халықтың мандайына біткен ырыс» деп бағалаған.

Білгір де бірегей ұлттық өнер мен мәдениетін зерттеуші. Оның «Әдебиет жайлы ойлар» (1962), «Серпін» (1970), «Шабьт шалқары» (1972) және орыс тілінде шыққан «Глазами читателя» (1967) атты кітаптарын оқығанда әлеуметтік-адамгершілік, қоғамдық-азаматтық бет-бейнесі, өмірлік мақсат-мүддесі айқын аңғарылады.

Академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей «Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауыт дәстүрін жалғастырушы». І.Омаровтың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер көбінесе оны зиялы қауым жетекшілерінің бірі ретінде көрсетеді. Алайда, ол саяси қайраткерліктің шыңына да жеткен тұлға. Қазақ КСР сауда халық комиссары, Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан КП ОК үгіт және насихат жөніндегі бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, Қазақ КСР Мәдениет министрі қызметтерін атқара жүріп, түйінді әрбір мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге қызмет етті. Қарап отырсақ, қызмет бабында самғап биікке шыққан кездері де, құлдырап орға құлаған кездері де болды. Қай қызметте болмасын ол өзінің өмірлік кредосы «халқына қызмет студент», азамат болудан тайған емес. Осыған орай, Ғ.Мүсіреповтің «...ол отырған орнына қарай үлкен-үлкен де, кіші де көрінген емес. Қайда да жауапкер, қайда да іскер, қайда да заманымыздың үлкен қайраткері, қадірлі азамат қалпынан өзгермей танылатын. Орын оны көркейтпейтін, орынды ол көркейтетін. Илияс бір орыннан екінші орынға ауысқанда істес болған адамдары құшақтасып қоштасатын да, баратын жерінің адамдары құшағын жайып қарсы алатын. Еш уақытта, ешбір қызметте Илиястың артынан өсек-аян, жәбір-жапа, сықақ –келемеж ере жүрмейтін еді» деген сөздері дәл айтылған дер едік.

35 жыл отасқан жары Гүлшат ол туралы былай деген екен «...тұнып тұрған жақсылықтан жаралған адам еді, несін айтасың, тек өмірден ертерек кетті» [4, 101]. Иә, І.Омаров өмірден ерте кетті. Қазақ халқының басына зобалаң тудырған 1931-1932 жылдардағы ашаршылықтан, халқымыздың қаймағын сыпырған 1937-1938 жылдардағы нәубеттен, 1941-1945 жылдардағы соғыстан дін-аман І.Омаровты сұм ажал ерте алды. 1970 жылы пілденің он тоғызында ауыр науқастан қайтыс болды. Қайтыс боларынан үш күн бұрын мына бір жолдарды күйеу баласы Алтай Орманбековке жаздырған екен «...Анау толып жатқан эпос, тарихи дастандарда қаншалықты ірі, қаһарман образдар кездесіп отырады. Осының барлығы мол өнер мәнерлігімен, былайша айтқанда әндердің, күйлердің жан тебіrentетін кейіпкерлері болмады дегенге ешкім сенбейді. Бір-екі жылдың ішінде осы тақырыпта ғылыми бола ма, басқадай бола ма ойларымды білдіріп, еңбек жазып кетсем бе деген мақсатым бар еді. «Жас келді, заман өзгерді» дегендей, бұл тақырып есте әр уақытта сақталса екен деймін...» [4, 100-б.]. Кім білген тағы бір 10-20 жыл өмір сүргенде өзі жанындай жақсы көрген туған халқының өнері мен мәдениеті туралы сүбелі еңбек қалдырар ма еді?! І.Омаровтың өмірден өткеніне жарты ғасырға жуық уақыт бопты. Осы уақытта қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістер жүзеге асты, ең бастысы егеменді ел болдық. Соның арқасында Илияс ағаның соңғы хатында көтерген тарихымызды зерделеу, тұлғаларымызды тану бағытында іргелі зерттеулермен қатар ауқымды іс-шаралар да жүзеге асырылуда. Осы орайда, І.Омаров туралы да еңбектер дүниеге келгенін айта кеткеніміз жөн. Бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Соның бірін І.Омаровтың немересі А.Самай 2008 жылы «Саяси үдерістердің институттануы аясындағы І.О. Омаровтың қоғамдық-саяси қызметінің динамикасы» тақырыбында саяси ғылым мамандығы бойынша қорғады. А.Самай өз зерттеуінде «...Мемлекеттік басшы, қоғамдық қайраткер мен саясаткер І.Омаровтың қоғамдық-саяси қызметі Қазақстандағы кеңестік мемлекеттілік кезеңдегі азаматтық саяси көшбасшылықтың үлгісі» [5] деген қорытынды жасайды.

2012 жылы І.Омаровтың 100-жылдық мерейтойына орай белгілі журналист-жазушылар, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкерлері Ж. Ысмағұлов пен С. Ақтаевтың кітабы, «Өмір мен өнер» атты мақалалар, естеліктер мен өлеңдерден тұратын жинақ шықты. Сондай-ақ, тұлға замандастарының естеліктері тұлғаны тануға мол мүмкіндік беретін құнды дерек екені белгілі. 2003 жылы ол туралы «Илияс Омаров» деген замандастарының естеліктері, ал 2012 жылы «Омаров Илияс: хаттар арқалаған сырлар» атты жинақ жарық көрді.

І.Омаров туралы естеліктерді парақтасақ, ол туралы өз естеліктерін ХХ ғасырдың нар тұлғалары мен марқасқалары жазған екен. Ғабит Мүсірепов, Асқар Зақарин, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Манаш

Қозыбаев бұл тізім жалғаса береді, жалғаса береді. Естеліктерден жақсы көру мен сөзбен жеткізе алмайтын қимастық сезіледі. Бұл І.Омаровтың адам ретінде кішіпейіл, көңілі дархан, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған азаматтық қасиетінің белгісіндей. Иә, І.Омаров өз халқын, отбасын, жарын сүйген. Сүю, сүйе білу де үлкен өнер.

«Өлді деуге бола ма – ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» - деп ұлы Абай айтпақшы І.Омаров та өзінің артынан бай мұра қалдырған. Оның әдебиет-өнер саласындағы шығармалары ұлтын сүюдің, экономика саласындағы шығармалары көрегендіктің көрінісі іспеттес. Бүгінгі ұрпақ І.Омаровтың адалдығын, әділдігін, ұлтжандылығын үлгі тұтары сөзсіз. Оның бүкіл өмірі қазақ халқының өнері мен мәдениетінің жоқшысы, қамқоршысы болудың тамаша үлгісі.

Тағылымы мол, өнегелі ғұмыр кешкен І.Омаров атында Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында көше аттары бар. Сондай-ақ, Қостанай облысы қазақ драма театры І.Омаров есімімен аталады. Қостанай облысында І.Омаров атындағы ауыл бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайтбаева А.Т. *Ілияс Омаровтың өмірі мен мемлекеттік-қоғамдық қызметі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Алматы, 2005.

2. Омаров Ілияс. *Ескі мұра жаңа мазмұнда* // *Ұлт тағылымы*, 1999, №1.

3. Омаров І. *Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын* // *Социалистік Қазақстан*, 1948, 31 желтоқсан.

4. Омаров Ілияс – Алматы, 2003.

5. Самай А. *Динамика общественно-политической деятельности И.О. Омарова в контексте институционализации политических процессов: автореф. дис. . канд. полит. наук : 23.00.02 / Каз. нац. пед. ун-т им. Абая.* - Алматы, 2007. - 30 с.